«АШЫҚ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ»
АҚПАРАТТЫҚ-РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«ИНФОРМАЦИОННО-РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР
«ОТКРЫТОЕ ГРАЖДАНСКОЕ ОБЩЕСТВО»

«ASHYQ AZAMATTYQ QOǴAM» AQPARATTYQ-RESÝRSTYQ ORTALYǴY» QOǴAMDYQ QORY

Республика Казахстан, город Кызылорда, ул.Али Исаев №36, 8 (707)282-65-15, 8 (708)870-37-78, irc.ogo@mail.ru

20.02.2020 жыл №10 г.Кызылорда

Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігіне

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне

Қазақстан Республикасының бас Прокуратурасына

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне

Қызылорда облысының әкімі
Қ. Ысқақовқа

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысына

АРЫЗ

«Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы» қоғамдық қоры 2020 жылдың 17.01–06.02 аралығында «**Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі** мемлекеттік сатып-алу порталына «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау қызметін мемлекеттік сатып алу» конкурс **№ 3873911-ГС31** «Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыру қызметі» конкурсы **№ 29616118-ГС31 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер»** жариялаған болатын.

Осы орайда, аталмыш конкурстың қорытындысы 2020 жылдың 20-шы ақпанында жарияланды.

Атап өтер болсам, конкурстық комиссия конкурс бойынша **«Тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі), «Жобаны белгілі бір аумақта (Астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі, әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** тәжірибесі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына

ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)» - деген бағаналарға **«0»** балл беріп отыр.

Алайда, қоғамдық қор толық құжаттарды тапсырып отыр, 2017 жылғы жұмыс өтілімізді дәлелдейтін АКТ және Электронды счет-фактуралар және 2018-2019 жылғы жұмыс өтілімізді растайтын АКТілер және Электронды счет-фактуралар журналының толық мәлімдемесі (выписка) ұсынылып, Егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары сәйкес келетіндігін және Жоба (Ұйым) мамандарының толық құжаттары тапсырылғанын жеткізеді .

«Сыр Мейірімі» әлеуметтік қоғамдық қоры:

- Жұмыс өтілін растайтын Электронды шот-фактураларын немесе Электронды шот-фактуралар журналын толық ұсынбаған;
- Ұсынған актілері және шот-фактуралары біржақты расталған;
- «Сыр Мейірімі» ӘҚҚ-на Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары **М.Абдукаримов** ұсыным хат берген. Не себепті өздері жариялаған әлеуметтік тапсырысқа қолдау хат білдіреді?!;
- «Сыр Мейірімі» ӘҚ қоры ұсынған құжаттары өз тиісті орындарына (бағаналарына) орналастырылмаған;
- Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сай «Тамақтандыру объектілерінің саны мен қызмет алушылардың сыйымдылығы» бойынша мәлімет ҰСЫНБАҒАН.
- «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» 2019 жылға тіркелгендігі туралы құжат және скриншоты ұсынылмаған;

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сай, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Сыр Мейірімі» әлеуметтік қоғамдық қорына **АРТЫҚШЫЛЫҚ** танытып отырғаны белгілі.

«Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы» қоғамдық қорының ҰПАЙЛАРЫН дұрыс есептемей, 20% шартты жеңілдікке қол жеткізе алмай, әлеуметтік тапсырыстан тыс қалды.

Осыған сәйкес, Тапсырыс берушілер тарапынан болып тұрған ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабына сәйкес, заң бұзушылықты анықтап және тиісті шара қолдануыңызды сұраймын.

Сонымен қатар, кемшіліктерді жоюды және конкурс қорытындысын қайта әділ шешеді деген сенімдемін.

Аталған кемшіліктер жойылмаған жағдайда Жоғары тұрған органдарға арызданатынымызды еске саламыз.

Қор Президенті **А.С.Аликулов**

тел.: 8 707 282 65 15